

4 Қызылша: жаңа қаулыда не көзделді?

Фото: Ашма дәркөзден

6 «Алтын алаша – күміс кілем»



Сыр бойы

№31-32 (21106-21107) 28 ақпан, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



СЕРБИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛҚАН ТҮБЕГІНДЕГІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Сербия Президенті Александр Вучичті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды.

Содан кейін Қазақстан мен Сербия президенттері келіссөз залына барды. Біз Сербияны Еуропадағы маңызды стратегиялық серіктесіміз санаймыз. Бірқатар бағытта, әсіресе, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымызды нығайту үшін көп жұмыс атқардық. Астана мен Белград арасында тікелей әуе рейсі ашылды. Сауда қатынастарымыз табысты дамып келеді. Қазақстанда 60-тан аса сербиялық компания жемісті еңбек етіп жатыр. Негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарымыз ортақ. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықтың берік әрі тиімді іргетасы қаланды деп ойлаймын. Сіздің сапарыңыз достық қарым-қатынасымызға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды екеніне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Александр Вучич Қазақстанға ресми сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты.

Қонақжайлық танытқаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз. Сіздің пікіріңізбен толық келісемін, елдеріміз арасында шынайы стратегиялық қарым-қатынас орнаған. Сіздің қолдауыңыздың арқасында сауда-экономикалық байланыстарымыз жоғары қарқынмен дамып келеді. Алдағы уақытта жасанды интеллект, акпараттық технологиялар мен энергетика салаларында ықпалдастық орнату арқылы достығымыз жаңа деңгейге көтеріледі деп ойлаймын. Сіздің жақын арада елімізде қарсы алуға дайынбыз, – деді Сербия Президенті.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді. Мемлекет басшысы меймандарға ілтипат білдіре отырып, бұл сапар Қазақстан мен Сербия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл

толу қарсаңында өтіп жатқанына назар аударды.

Көптеген саладағы өзара тиімді байланыстарымыз одан әрі нығайтуға ниеттіміз. Бүгін екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тәсілдерін талқыладық. Өз тарапымыздан екі ел арасындағы ықпалдастықты кеңейтуге барлық жағдайды жасайтынымызды жеткізгім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Астана мен Белград арасында конструктивті саяси диалог жолға қойылып, парламентаралық байланыс нығайтып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен іскерлік топтардың ықпалдастығы дәйекті түрде дамуда.

Президент Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тиімді жұмыс атқарып жатқанын айтты. Сапар аясында Сербиядан іскерлік топ өкілдері келгенін құптады. Кеше өткен Қазақстан-Сербия Іскерлік кеңесінің нәтижесі сауда және инвестициялық байланыстарды кеңейте түсетініне сенім білдірді. Еліміздің бірқатар халықаралық бастамаларына қолдау білдіргені үшін Сербия тарапына ризашылығын жеткізді.

Өз кезегінде Александр Вучич қонақжайлық танытқаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Белград Астанамен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады. Қазақстандық компаниялардың ортақ жобаларға, әсіресе, құрылыс саласына қосар үлесін арттыруға мүдделі екеніне тоқталды.

Біз Қазақстан ұсынған бірқатар бастамаларды жүзеге асыруға әзірміз. Бұл Сербияда ғана емес, Еуропаның аталған аймағындағы маңдайалды жобалар болмақ.

2-бет

ҮЛКЕННІҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСІ – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Достық үйінде» ардагерлер және зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Оған Халық Қаһарманы, армия генералы Мұхтар Алтынбаев, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, Түркі мемлекеттері ұйымы ақсақалдар кеңесінің мүшесі, Қызылорда облысының құрметті азаматы Икрам Адырбеков қатысты.

Аймақ басшысы халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басқанын айтып, Конституциялық реформаға тоқталды.

– Президент Жарлығымен 21 қаңтарда Ата Заңға өзгерістер енгізуге қатысты ұсыныстарды тұжырымдайтын Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия құрылды. Комиссияның қорытынды шешімінің нәтижесімен Мемлекет басшысы 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу жөнінде Жарлыққа қол қойды.

Конституция жобасында Ұлы Даланың мыңжылдық тарихының сабақтастығы сақталып, мемлекеттің уни-тарлы сипаты мен шекарасына, аумақтық тұтастығына қол сұғуға болмайтыны нақтыланған. Елдігіміздің басты нышаны саналатын жаңа құ-



жатта «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты айқындалған.

Президент бастамасымен қолға алынған саяси нақандар мен реформаларды жүзеге асыруда Сыр жұртшылығы береке-бірліктің, тату тірліктің үлгісін көрсетіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр бойында өткен Ұлттық құрылтайда: «Соңғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп ерекше атап өтіп, атқарылған жұ-

мыстарға оң бағасын берді. Алдағы уақытта да Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, сәулеттік келбетін жанартуға, заманауи ғимараттардың бой көтеруіне бағытталған жаңа жобалар жоспарланған.

Бұл бастамалар ардагерлеріміздің ақыл-көнісімен, тұрғындарымыздың сұранысына сәйкес іске асуда. Еліміздің тұрақты дамуы мен халықтың бірлігін сақтауда ардақты ардагерлеріміздің орны ерекше, – деді облыс әкімі.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өріптестері облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы лауазымын абыроймен атқарған Олжас Ысқақовты республикалық медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығының басшысы қызметіне шығарып салды.



Аймақ басшысы Олжас Еркекулының адал қызметі мен салаға сіңірген еңбегін атап өтіп, алғыс білдірді.

– Өріптесіміз Санжар Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Емлеу ісі», Қарағанды Қазтұтынуодағы университетінде «Құқықтану» мамандықтары бойынша білім алған. «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі.

2-бет

БИЛІК ПЕН БИЗНЕСТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ



Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасының төрағасы Қанат Шарлапаев Қызылорда облысының кәсіпкерлерімен кездесті. Жұмын өңірдегі кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мәселелеріне арналды.

Аймақ басшысы 15 наурызда өтетін жаңа Конституцияға арналған республикалық референдум еліміздің кемел келешегі үшін таңдау жасап, мемлекеттің берік негізін қалауға берілген тарихи мүмкіндік екенін атап өтті.

– Конституциялық реформа еліміздің саяси жаңғыруына, азаматтардың құқығы мен бостандығын күшейтуге, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған. Ата Заңымыздың құқықтық мәртебесінің күшеюі ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтағы белсенділігін арттырады. Бұл инвес-

торлар үшін де аса маңызды. Өйткені тұрақты конституциялық негіз келерліктер мен тәуекелді төмендетіп, инвесторлардың құқықтарын қорғауда заң үстемдігін нығайтады. Біздің мақсатымыз ортақ, ол – кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, – деді облыс әкімі.

Одан кейін өткен жылдың қорытындысымен өңірде барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіш жоғары болғанын айта келе, шағын және орта бизнесті ілгерілету бағытында атқарылып жатқан жұмысқа тоқталды.

2-бет

АКВАШАРУАШЫЛЫҚ: БАЛЫҚ БАҒУ БЕЙНЕТ ПЕ, ӘЛДЕ...

Ұмытпасақ, 2020 жылға дейін балық шаруашылығында біраз мәселе болды. Мұның ішінде құқықтық базаның жеткіліксіздігі, көлеңкелі айналым, инвестициялық қызығушылық болмауы, мемлекеттік қолдаудың аздығы, жеңілдетілген несиемен жоқтығы, балық өсіретін кешендердің тозғандығы сала жұмысын алға бастырмады. Артынша 2021 жылы Үкімет 2030 жылға дейінгі Балық шаруашылығын дамыту бағдарламасын қабылдады. Оның басым бағыттарының бірі – табиғи су айдындарындағы ресурстарға түсетін жүктемені азайту. Сондай-ақ олардың тұрақты түрде көбеюін қамтитын аквашаруашылық субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту еді.

БАҒДАРЛАМАДАҒЫ БАСЫМДЫҚ НЕДЕ?

Негізгілерін еске түсірсек. Құжатта 2030 жылға қарай балық өсіру көлемін әр жыл сайын 7 мың тоннадан 270 мың тоннаға дейін ұлғайту туралы айтылған. Сондай-ақ ішкі

нарықтағы балық өнімдерін тұтынуды жылына 67 мыңнан 134 мың тоннаға дейін арттыру бар. Ал табиғи балық популяциясын 7%-ға көбейтіп, 237 мың тоннаға жеткізу жоспарланған еді.

3-бет



Фото: Ашма дәркөзден

СЕРБИЯ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАЛҚАН ТҮБЕГІНДЕГІ СЕНІМДІ СЕРІКТЕСІ

Сондай-ақ қазақстандық SCAT компаниясына әуе кеңістігінде бесінші деңгейлі еркіндік беру мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Ортақ іс-қимыл арқылы аталған мәселені шеше алатынымызға сенімдімін. Сербияға Қазақстанның сенімді құрылыс компаниялары мен инвесторлары келгенін қалаймыз. Бұл еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсартып қана қоймай, өзара мәдени, туристік байланыстарды жандандыруға да септігін тигізеді. Өз тарапымыздан Сіздің еліңіздің экономикасына инвестиция салғысы келетін сербиялық кәсіпкерлерді ынталандыруға барынша күш-жігер жұмылдырамыз, – деді Александр Вучич.

Сербия Президенті қорғаныс өнеркәсібі, жасанды интеллект, деректерді өңдеу орталығы секілді бағыттарда өзара ықпалдастықты арттыруға зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді жоғары бағалап, мұны әлемдегі өсіп-өркендеудің үлгісі деп атады.

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар, атап айтқанда, сауда-инвестиция, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, құрылыс және туризм салаларындағы ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичті халық қолдауына арқа сүйеп, елін алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы, беделді саясаткер деп санайтынын жеткізді.

– Сербия Сіз жүргізіп отырған салықалы саясаттың арқасында зор жетістіктерге жетіп, өркендеп келеді. Халықаралық беделі де арта түсті. Алдағы уақытта еліңіз Сіздің парасатты басшылығыңызбен жаңа белестерді бағындыра береді деп сенемін. Сербия – Қазақстанның Балқан түбегіндегі сенімді серіктесі. Екі елдің қарым-қатынасы өзара қолдауға, түсіністік пен мызғымас достыққа негізделген. Барлық деңгейде белсенді саяси диалог дамып келе жатыр. Сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық нығайтып келеді. Көпжақты құрылымдар аясындағы байланысымыз күшейе түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде өзара әріптестікті жандандыру өте маңызды. Сондықтан біз осы қарқынды сақтап, түрлі саладағы ықпалдастықты дамытуға мүдделіміз. Бұған толық мүмкіндік бар. Өзара сенім мен достық рухында өткен мазмұнды келіссөздер – соның айқын дәлелі. Бүгінгі келісімдер серіктестігімізді жаңа деңгейге көтереді деп санаймын. Біз бұл бағытта бірлесіп әрекет етуге әрдайым дайынбыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Сербия арасындағы байланысты нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін Александр Вучичті еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

– Бұл – қазақ жұртының Сізге және Сербия халқына деген зор ризашылығы және ерекше құрметінің белгісі. Өзіндік шын жүректен құттықтаймын! Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етерін каміл сенемін. Қос халықтың достығы жасай берсін! – деді Мемлекет басшысы.

Сербия Президенті мұндай марапатты иелену зор мәртебе екенін айтты, бұл екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне тоқталды.

– «Алтын Қыран» орденін ерекше құрметпен қабыл алдым. Бұл марапат маған өзара байланыстарымызды арттыру және бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы ортақ істе зор жауапкершілік жүктелді. Келешек ұрпақтың игілігі үшін Сербия мен Қазақстанның достығы нығая беруіне тілектеспін, – деді Александр Вучич.

1-бет

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Еңбек жолын облыс орталығындағы №3 қалалық емхананың аймақтық терапевт дәрігері болып бастап, осы емхананың бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің баспау ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

Әр жылдары облыстық денсаулық сақтау басқармасында бөлім басшысы, басқарма басшысының орынбасары, Денсаулық сақтау министрлігінің басқарма басшысы, департамент директорының орынбасары болған.

Олжас Еркемұлы денсаулық сақтау саласын басқарған кезінде нақты әрі жүйелі қадамдар жасап, елеулі нәтижелерге қол жеткізді. Соңғы 3 жылда облыста жалпы өлім-жітім 5,6 пайыз, ана өлімі 12 есе, сәби өлімі 37 пайыз, туберкулезден аурушандық көрсеткіші 11,6 пайыз, өлім-жітім көрсеткіші 9 пайыз, қанайналым жүйесінен өлім-жітім көрсеткіші 19,6 пайыз төмендеді.

Бұған дейін орталықта қызмет атқарып, кәсіби біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетін танытқанының арқасында Денсаулық сақтау министрлігімен тығыз байланыс орнатты, бірқатар жобаның табысты жүзеге асуына ықпал етті, – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Жылында денсаулық сақтау саласының ардагері, Қызылорда облысының құрметті азаматы Тұрғанбай Маханов пен сала ардагері Абдулла Шүленбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры Наурызбай Байқадамов ізгі тілектерін жеткізді.

Олжас Еркемұлына «Қызылорда облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі, Құрмет грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Өз кезегінде Олжас Ысқақов әріптестеріне алғысын, туған жердің өсіп-өркендеуіне тілектестігін білдірді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

1-бет

ҮЛКЕННІҢ АҚЫЛ-КЕҢЕСІ – АСЫЛ ҚАЗЫНА



Жылында Мұхтар Алтынбаев пен Икрам Адырбеков сөз сөйлеп, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді. Сонымен қатар мемлекет және қоғам қайраткерлері Бекмырза

1-бет

Еламанов, Ибрагим Әбибуллаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры, облыстық «Әділетті және

Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» өңірлік коалиция жетекшісі Наурызбай Байқадамов Конституциялық реформаға қатысты пікірлерін ортаға салды.

БИЛІК ПЕН БИЗНЕСТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢА ДЕҢГЕЙГЕ КӨТЕРЕДІ

Бүгінде кәсіпкерліктің экономикадағы үлесі – 20,5 пайыз. Былтыр бұл сектордың өнім шығару көлемі 30,5 пайызға артып, Қызылорда облысы республика бойынша өңірлер арасында алғашқы үштікке енді. Салық түсімі алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,5 есеге ұлғайды. Кәсіпкерлер мемлекеттік қолдаудан қағажу көріп отырған жоқ. 2025 жылы жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасы барлық қаржы көзі есебінде 61 млрд 100 млн теңгеге қаржыландырылды. Мұндай қолдау қолайлы инвестициялық климаттың қалыптасуына, жаңа ірі инвестициялық жобалардың нәтижелі жүзеге асуына ықпал ететіні сөзсіз. Соңғы үш жылда аймақ экономикасына 2 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылса, соның 774 млрд теңгеден көбі өткен жылдың еншісінде. 9 айдың қорытындысына сәйкес облыс экономикасына құйылған шетелдік инвестиция көлемі 205 млн АҚШ долларынан асты. Былтыр 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Президент қолдауымен түркиялық компания салған жылу-электр орталығы тәуелсіздік жылдарында инвестор қаржысына салынған маңызды ірі жобалардың қатарында. Сондай-ақ нан өнімдері кешені, кірпіш, айна шығару, күріш, ас тұзын өндіру зауыттары, шағын өнеркәсіптік аймақ және күн-электр станциясы іске қосылды.

– Өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары 1 трлн 900 млрд теңге есебінде 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Биыл 100 млрд теңгеге 21 жобаны іске қосамыз. Испандық «Рока групп» компаниясы жақында жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын жоғары технологиялық зауыт салуды бастайды. Биыл жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 22 млрд 700 млн теңге қаралды. Бұл қаржыны алдағы уақытта банктер мен даму институттарының несиесі ресурстары есебінен ұлғайтамыз. Өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу», «Кепілдік беру қоры» бағдарламалары кенінен жүзеге асырылады. Биыл Президент тапсырмасына сәйкес шағын бизнес үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы іске қосылды, – деді аймақ басшысы.

Ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы өңірдегі кәсіпкерлікті қолдау және дамытудағы оң динамика облыс

1-бет



әкімінің басшылығымен қолға алынған үйлесімді әрі нәтижелі жұмыстың айқын көрінісі екенін жеткізді. Бұл палатаның іскерлік климаты мен тәуелсіз рейтингінің қорытындысынан көрініс тапты. Қызылорда облысы соңғы екі жылда бизнесті жүргізу бойынша еліміздегі үздік 3 өңірдің қатарына еніп, кәсіпкерлік орта көшбасшыларының арасынан көрінді.

– Біз «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының жұмысын уақыт талабына сай жаңғыртуды бастадық. Оған палатаның әлеуеті жеткілікті екенін көріп отырмыз. Мақсатымыз – бизнесті кәсіби тұрғыда қорғауды күшейту және мемлекеттік органдармен диалогті нығайту. Ұлттық палатаның ұстанымы нақты талдауға, есепке және шынайы экономикалық әсерді бағалауға негізделеді. Өңірлік палаталардың жұмыс үлгісін жетілдіру ойымызда бар. Кәсіпкер, ең алдымен, палатамен осы жерде, аймақта өзара әрекеттеседі. Сондықтан өңірлік жұмыстың сапасы басымдыққа ие болуы керек. Мамандандыруды күшейту, үдерістерді цифрландыру, кадрлық әлеуетті арттыру және түсінікті тиімділік көрсеткіштерін енгіземіз деген жоспарымыз бар. Өзіне, бизнес үшін ең бастысы – нақты нәтиже, – деді Қанат Шарлапаев.

Палата бүгінде бірнеше негізгі бағыт бойынша жұмысты қолға алды. Бірінші бағыт – микро және шағын бизнесті қолдау. Көп ұзамай «Іскер аймақ» бағдарламасы бойынша соңғы нормативтік-құқықтық актілер қабылданады. Осы орайда ол қазірден бастап «Даму» қорының өңірлік филиалымен және «Атамекен» палатасымен байланысуға болатынын еске салды. Екінші бағыт – орта және ірі бизнестің инвестициялық жобаларын сүйемелдеу. Палата инвесторлардың жекелеген мәселелерін

Бас прокуратура жанындағы инвесторларды қорғау комитетімен бірге конструктивті түрде шешуге ден қойып отыр. Үшінші бағыт – реттеушілік саясат, бұл ретте бизнес өкілдеріне қатысты заңнамалық жүйелі өзгерістерді бақылауға ұстау аса маңызды. Төралқа төрағасы Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің 40 пайызы шағын және орта бизнестің тиесілі екенін, мұнда сирбөлейлік кәсіпкерлердің үлесі мен әлеуеті зор екеніне айрықша тоқталды.

Кәсіпкерлердің құқығын қорғау бағытындағы жаңа тетіктер жөнінде облыс прокуроры Ризабек Ожаров бағанды. Биыл инвесторлардың қызметіне заңсыз араласудың 25 дерегі анықталып, қадағалаушы орган өкілдері оған тосқауыл қоя білді. Өткен жылы 600-ге жуық бизнес субъектісінің қызметін заңсыз тексеруге жол бермеді. 4 адам кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны және тексеру тәртібін бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

– Бүгінде прокуратура тек қадағалаушы орган емес, толыққанды құқық қорғаушыға айналды. Ол заңдылық, болжамдылық және мемлекеттік органдардың жауапкершілігі қазғадаттарына, яғни «Заң және тәртіп» идеологиясына негізделген. Инвесторлардың құқығын қорғау миссиясы өңірлерде облыс прокурорларына сеніп тапсырылды. Аймақтарда арнайы топ құрылып, инвесторлардың өтінішін қарау және туындаған мәселелерге желден қою міндеті жүктелді. Соңғы үш жылда бұл модель тиімділігін дәлелдеді. Жүйелі әрі нәтижелі жұмыс үшін нақты құралдар қолданылды. Әкімшілік қысымды тежеудің алғашқы осындай тетігі – «прокурорлық сүзгі». Оның қағидаты айқын – инвесторға қатысты бірде-бір тексеру, айыппұл немесе талап-арыз бойынша

Сондай-ақ Конституциялық реформа жөнінде жарты жылға жуық уақытқа созылған, әртүрлі алаңдарда жүргізілген жалпы-халықтық талқылаулар қоғамның саяси белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігінің айқын көрінісі екені айтылды. Ел тағдырына қатысты маңызды шешімдерді халықтың тікелей дауыс беруіне ұсыну – демократияның шынайы әрі мызғымас қағидаты. Жаңа Конституция жобасында мемлекеттің іргелі негіздері, басты құндылықтары мен дүниетанымдық ұстанымдары жүйеленіп, заманауи талаптарға сай жаңғыртылды.

Еске салсақ, қаламызда өткен тарихи маңызды жиында Мемлекет басшысы Қызылорда қаласында 48 млрд 500 млн теңгеге перзентхана, 14 млрд 780 млн теңгеге емхана салынатынын, 36 млрд 400 млн теңгеге көпбейінді аурухананың құрылысы басталғанын жариялаған еді. Өткен аптада аталған медицина нысандарының және Титов қыстағында ауысымына 400 келушіге арналған емхананың іргетасы қаланды.

прокурордың келісімі болмаса, олардың заңды күші жоқ. Ескертетін жайт, енді инвесторларға қатысты шешімдерді келісу рәсімі тек мемлекеттік органдарға ғана емес, сонымен қатар квазимемлекеттік сектор субъектілеріне де қолданылады, – деді Ризабек Ожаров.

Ендігәрі әрбір жобаны онлайн режимде бақылауға мүмкіндік бар, яғни прокурорлар шағымды күтпей, әрбір тәуекелді алдын ала көре алады. Бұл қандай да бір келергі жаңадан қалыптаса бастаған сәтте оны жоюға мүмкіндік береді. Келесі бағыт – инвестициялық жобаларды сүйемелдеу. Егер бұрын бұл жұмыс, өтініштер мен жекелеген мәселелер бойынша жүргізілсе, енді әрбір жобаға жеке-жеке прокурор бекітілді. Өтініштерді формальды қайта жолдау тәжірибесі толық қолданыстан алынып, әрбір шағым нақты бір қызметкердің жеке жауапкершілігіне берілді.

Жергілікті кәсіпкерлердің өзекті мәселелерін тікелей талқылау, мемлекеттік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру, бизнес пен мемлекеттік органдардың өзара байланысын қуыпайту мақсатында ұйымдастырылған басқосуға бизнес-қоғамдастық, мемлекеттік органдар және құқық қорғау органдарының өкілдері, палатаның өңірлік және салалық кеңес мүшелері қатысты. Кездесу ашық диалог форматында өрбін, бизнес иелері нақты ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, «КС Сырдария-1» ЖШС директоры Алматы Абдуллаев мал шаруашылығын қаржыландыру, «Шаған Жер» ЖШС директоры Жәнісбек Сыздықов күріш шаруашылығын несиелендіру лимитін көтеру, «Ер-Әлі» ШҚ басшысы Әліби Бекжанов күріш егу және тұқым әзірлеу бағытында мәселелерді жеткізді.

«Атамекен» палатасының төралқа төрағасы бизнес мүддесін қорғау жалғасатынын, айтылған сын-ескерпелер мен ұсыныстарды Үкіметке жеткізетінін атап өтті.

– Сіздерді экономиканың ұзақ мерзімді өсімін қамтамасыз етуге бағытталған сапалы жобаларды жүзеге асыруға, инвестиция көлемін арттыруға шақырамыз. Ол үшін әкімдік кәсіпкерлер палатасымен бірге бизнесті қолдау және оны дамыту бағытындағы маңызды шараларды қабылдауға әрқашан әзір. Біз үшін жұмыс істейтін әрбір кәсіпкер маңызды және оларға жұмысты жүргізу үшін қолайлы жағдай жасамыз, – деді ол.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Атамекен» ҰҚП төралқа төрағасы Қанат Шарлапаевпен кездесті. Онда инвестиция тарту мен кәсіпкерлік саласындағы жұмыстар жайы талқыланды.

– Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті дамытуға айрықша мән беріп, Үкімет қолдау көрсетуде.

Бүгінде өңірімізде кәсіпкерліктің даму қарқыны белсенді, экономикадағы үлесі 20,5 пайыз. Өткен жылы өңір экономикасындағы бұл сектордың өнім шығару көлемі 30,5 пайызға артып, облыс өңірлер арасынан 3-орынды иеленді. Салық түсімдері алдыңғы жылмен салыстырғанда 2,5 есе ұлғайды. Кәсіпкерліктің тұрақты дамуына жүйелі әрі тиімді мемлекеттік қолдау оң ықпал етті.

Өңір экономикасын әртараптандыру мақсатында 2026-2029 жылдары 1 трлн 900

млрд теңгенің 48 инвестициялық жобасын жүзеге асырып, 10 308 жаңа жұмыс орнын ашу көзделген.

Биыл 100 млрд теңгеге 21 жобаны іске қосу жоспарлануда. Атап өту қажет, өзіңіздің тікелей көмегіңізбен испандық «Рока групп» компаниясымен жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық бұйым шығаратын жоғары технологиялық зауыт салу жөнінде инвестициялық келісімге қол қойылды. Биыл құрылысы басталады. Жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 22 млрд 700 млн теңге қарастырылды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, биыл микро және

шағын бизнес үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы іске қосылды. Бүгінгі кездесу жаңа жобалар мен бастамаларға жол ашады деп сенеміз, – деді облыс әкімі.

Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасы барлық қаржы көзі есебінде 61 млрд 100 млн теңгеге қаржыландырылған. Мемлекеттік қолдау шаралары өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырып, жаңа өндірістер ашуға, жұмыс орындарын құруға мүмкіндік берді. Сонымен бірге 300 млрд теңгеден астам қаржыға 27 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Түрік инвесторы жаңа жылу-электр орталығын салды. Нан өнімдері кешені, кірпіш, айна шығару, күріш және ас тұзын өндіру зауыттары, шағын өнеркәсіптік аймақ және қуаттылығы 40 мегаваттық күн-электр станциясы іске қосылды.

АКВАШАРУАШЫЛЫҚ: БАЛЫҚ БАҒУ БЕЙНЕТ ПЕ, ӘЛДЕ...

Балық шаруашылығы комитетінің мәліметінше, республикада 700-ден астам балық шаруашылығы субъектісі жұмыс істейді. Олардың басым бөлігі Түркістан, Жамбыл, Атырау, Қызылорда, Алматы және Шығыс Қазақстан облысында орналасқан.

«2025 жылдың қорытындысымен балық өнімдерінің көлемі 131,9 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 29%-ға артық. Жыл басынан бері еліміздің табиғи су айдындарынан 72,7 мың тонна балық ауланып, 26 мың тонна балық өсірілді. Сонымен қатар, 22 мың тонна балық экспортталды. Қазір жылдық қуаттылығы 126 мың тонна болатын 73 кәсіпорын балық өңдеумен айналысады, оның ішінде 20 кәсіпорын Еуропа елдеріне балық өнімдерін экспорттауға рұқсат алған. Балық өнімдерінің 50-ден астам түрі әлемнің 21 еліне, соның ішінде Германия, Латвия, Литва, Нидерланд, Ресей және Қытай мемлекетіне экспортталады. Балық өсіру көлемі бойынша ең жоғары көрсеткіштер Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында тіркелген», дейді комитет өз ресми мәліметінде.

Былтыр маусым айында Мемлекет басшысы «Аквашаруашылық туралы» заңға қол қойған болатын. Заңды іске асыруда 60-тан аса құқықтық акті қабылданыпты. Оның ішінде су айдындарын бекіту қағидалары, аквашаруашылық субъектілерінің тізілімін жүргізу ережелері, балық өсіру-биологиялық негіздемелерді әзірлеу мен субсидиялау тәртібі және балық шаруашылығын дамытуға серпін беретін өзге де маңызды құжаттар бар.

«2021 жылдан бері субсидияға бөлінген қаражат 0,5 млрд теңгеден 2026 жылы 5,6 млрд теңгеге жетті, яғни 11 есе артты. Сондай-ақ жеңілдетілген бюджеттік несие беру арқылы балық өсіру және өңдеу жобаларын қаржыландыруға 2,5% мөлшерлемесімен несие беру қарастырылған. 2025 жылы 10 балық шаруашылығы субъектісі 5,7 млрд теңге сомасында несие қаражатын алды. Жұмыс бийла да жалғасады» дейді ведомство мәліметінде.

Жалпы 2021-2024 жылдары құны 21,4 млрд теңгені құрайтын, жылдық қуаты 20 мың тоннадан асатын балық өсіру және өңдеу бойынша 87 жоба (Қызылорда облысында 14 жоба) іске асырылған. Осыдан соң импортқа тәуелділік шамамен 15%-ға төмендеп, 1200 жұмыс орны ашылды.

«2025 жылы 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, жалпы көлемі 4,2 млрд теңгені құрады. Жобалар балық өсіру шаруашылықтарын құруға және кеңейтуге бағытталған. Бұл нысандардың жобалық қуаты жылына 1,3 мың тоннадан астам балық өнімін өндіруге мүмкіндік береді. Бұдан өзге, 2024 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция 5,2 млрд, ал 2025 жылдың қорытындысымен 5,8 млрд теңгені құрады», деп жазады комитет мәліметінде.

Ал осы жылы әкімдіктермен бірлесіп, жалпы құны 54 млрд теңгені құрайтын және 2030 жылға дейін іске асырылатын 40 жоба айқындалған. Мұның барлығы келешекте балық өсіру көлемін жылына 14,4, өңдеуді 10, балық азығы өндірісін 6,8 мың тонна көлемінде ұлғайтуға жоспарланған. Айтпақшы, комитет Алматы, Маңғыстау және Ақмола облысында балық арналған жем өндірісінің заманауи зауыты құрылысын ұйымдастыру мәселесін қарап жатқан көрінеді.

МАМАН БӨРІН ШЕШЕДІ

Сарапшылар балық шаруашылығымен айналысқысы келетіндерге кейбір жергілікті әкімдік тарапынан қолдау азығын айтады. Құжаттардың әуірешілігі, сондай-ақ тиісті түсіндірме

1-бет

беретін кенсе маманы жоқ. Тым тапшы. Ал ихтиолог, балық өсіруші, «Poseydon» ЖШС бас директоры Мейрамбек Пазылбековтің айтуынша, аквашаруашылықтарға қатысты, яғни қолдан балық өсірудің 2030 жылға дейінгі межесі бағдарламада айтылғандай 270 мың тоннаға жете ме?

– Қазір 2026 жылдың басындамыз, бағдарлама уақытының жартысы өтті. Енді құжатта көрсетілген индикаторлар орындалып келе ме? Меніңше, орындай алмадық. Маман ретінде айтсам, Үкімет бекіткен жоспар не бағдарлама болсын, алдымен заңнамалық нормаларға бір мұқият қарап

керек. Жоқ болса, оқыталық. Мейлі, елімізде, тіпті қажет болса шетел оқу орындарында. Мен жиі айтамын, шетелден келген маман бізде тұрақтамайды. Уақытша ғана. Әрі қарай ол кеткен соң шаруашылықтың ішкі мәселелерімен өзін қаласын. Өзіміздің қарақөздер болса, әлеу меттік жағдайы дұрыс жаракталса, ол шаруашылықтың көпжылдық дамуын қамтамасыз етпей ме? Көптеген шаруашылықтардың жақсы басталып, артына тоқырауға ұшырауы маман жоқтығынан болуда, – дейді Мейрамбек.

ТӨЗІМ БОЛСА ҒАНА ТАБЫС БАР

Мейрамбек Пазылбеков балық өсіруге қызықандарға алдымен кәсіпті жіті зерттеу керектігін ескертеді. Дұрысы, шаруашылықты ашпаса



алған жөн. 2020 жылы бағдарлама жоспарын түздік, артында бір жылдан соң оны қабылдап жібердік. Енді келіп 2025 жылдың жазында «Аквашаруашылық туралы» заңды қосымша қабылдап отырмыз. Құп делік. Жауапты комитеттің бұған дейін Экология және табиғи ресурстар, енді келіп былтыр Ауыл шаруашылығы министрлігіне ауысуы салаға деген не мұқиятты көрсеткендей.

Қош, басты орган – Балық шаруашылығы комитеті дедік. Мен бұған дейін айтып та, жазып та жүрмін. Біздің салада маман жоқ немесе тым аз. Ал маман жоқ жерде даму жоқ. Бірақ балық өсіру не көбейту, субсидия, кәсіпті жүргізуге жеңілдіктер жайлы көңіл күйді көтеретін жаңалықтар телеарна, газет, әсіресе әлеуметтік желілерде желдей есіп тұр, – дейді белгілі ихтиолог.

Мейрамбектің айтуынша, балық шаруашылығын дұрыс жүргізсең, табыс көзіне айналыра береді. Ол үшін білім мен тәжірибесі ұштасқан нағыз маман болуы шарт.

– Бұған дейін балық шаруашылығы мамандарын көптеп дайындау туралы Үкіметтің ниеті болған. 2021-2022 жылдары 450 оқу грантына дейін бөлінген, мамандыққа аса құптар жастар бола қоймады. Игерілмеген гранттар кейін қайтты. Неге? Өйткені, жас буын балық саласының келешегіне күмәнмен қарады. Жұмыстың ауырлығы өз алдына, мамандық елімізде аса танымал емес. Екіншіден, бағдарлама нәтижесі алғашқы жылдары жаман болған жоқ. Көптеген шаруашылық әр өңірде ашылды. Тіпті Алматы облысында 10 мың тонна балық өсіретін екі ірі шаруашылық құрылды. Бірақ олардың көбі балық өсірушілерді шетелден алдырды. Отандық мамандарға деген ынта болған жоқ. Біз миллиардтаған қаржы күйіп, балық кәсібін жандандырмаз бұрын, алдымен отандық балық өсірушілердің жағдайын дұрыстауымыз

бұрын, жеріңізді, балық тұқымын, келетін суды, оның сапа құрамын, тартылатын инфрақұрылымды есептеп, ихтиологиямен ақылдасқан жөн. Ол тіпті ақылы түрде болса да жоғары жүрген дұрыс. Әрі ондай мамандар елде бар. Олай етпесе, шығынға ұшырайтыны тағы бар.

Қазір елімізде тұқы тұқымдас балық түрлерін өсіру пайдалы. Сазан, ақ амур, дөңмаңдай қандай да ас мәзірінде құндылығын жоғалтқан емес. Әрі табиғи судағы бұлардың түрлері тым майдаланып барады. Қоры аз. Өйткені, өзен-көлдерден шамадан тыс аулау мен броконерлік көбейген. Уылдырық шашу кезінде де тыйымға қарамстан ау-құралын судан айырмайтындыр көп.

– Заманауи технологияны қолдана отырып, осы балық түрлерін бір маусымда өсіруге болады. Сапалы жеммен қамтысаң, оттегі беретін құрылғылардың дұрыс болса көктемде салған шабағын күзде тауарлы балыққа айналады. Тағы бір маңызды балық түрі – форель. Бахта деп те айтылады. Елдегі Көлсай көлдерінен өзге табиғи су айдындарында онша жеріңізбен. Жылдам өседі, құны да жоғары. Біздің шаруашылыққа мұның уылдырығы шетелден, мұхит асып АҚШ-тан келеді. Одан соң өзіміздегі арнайы инкубациялық цехта уылдырықтан шабақ түрінде шығып, бөлек бағылады. Форельді шабақ күйінде балық өсірушілерге сатуға болады. Қосымша тауарлы балық ретінде сауда сөрелеріне жайғастыра аласыз. 300 грамнан жоғары болса, арнайы мейрамхана, кафе иелері ас мәзірі ретінде тапсырыс береді. Бір сөзбен айтқанда, осы кәсіптегі бар мәселеге төзіммен қарап, балық өсірем десеңіз ғана табысқа кенелесіз, – дейді Мейрамбек.

Оның сөзінше, Қазақстандағы қазіргі балық өнімдерінің 70 пайызы – импорттық тауар. Қалғаны өзіміздегі табиғи су айдындары мен аквашаруашылықтарда өсірілген балық.

Өйткені, жем дайындайтын кәсіпорын құру аталған бағдарлама шеңберінде орындалуы тиіс еді. Ал балық өсіруге қажеттің бәрі өзімізде болса, өнім бағасы да тұрақты болады, – деп сөзін қорытты М.Пазылбеков.

СУ ҚОРЫ САРҚЫЛМАСА...

Дейтұрғанмен өңірде тоған салып, тауарлы балық өсіруге ден қойғандар баршылық. Соның бірі – Арал ауданындағы «Қаратерен-2022» ауылшаруашылық өндірістік кооперативі. Құрылтайшылардың бірі Арман Сейтжановтың сөзінше, Қаратерен ауылындағы бірнеше отбасы бірігіп, жоба бастаған. Әрқайсысының көлемі 1 гектардан асатын 3 тоған дайындап, қазір біреуінде балық өсірілуде.

– Мемлекет қолдауына сүйеніп жұмысты бастадық. Қазір жергілікті балық қоры азайды. Халық көп тұтынатын сазанның өзі басқа жақтан келеді. Екіншіден, су тапшылығы кесірінен көп көл құрғап тұр. Біз көбіне осындай тартылуға жақын су айдындарында, шабындық өзектерден қалған майда шабақтарды тоғанға салдық. Бұған рұқсат бар. Дұрысы, қырылу қаупінде жатқан балық түрлерін өкелдік. Ал қажет суды арнайы насоспен айдаймыз. Жер жағдайын да збден зерттедік. Бұйырса, «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 2,5 пайызбен бөлінген несие қаражатын күтіп отырмыз. Бұрын кооператив ретінде егін шаруашылығымен, мал азығын өсірумен айналыстық. Өзім де бұған дейін тоған шаруашылығында жұмыс істедім. Тәжірибе жоқ емес, – дейді ол.

Тоғанға 150-200 грамдық тұқы тұқымдас 7 мыңға жуық шабақ салған кооператив басшысы келешекте уылдырық шайқау цехын жоспарлап отыр.

– Жергілікті халық балық аулаумен айналысқан соң бұл кәсіпті жан-жақты

көңілдіміз келеді. Көзін тапсаң, тіршілік көп. Ең бастысы, жоғарыдан келер су қоры азаймаса болғаны, – дейді Арман Сейтжанов.

Сондай-ақ Аралда «Қамыстыбас балық питомнигі» жұмыс істейтіні белгілі. Мемлекеттік тапсырыспен 12 млн біржаздық, 420 мың екіжаздық тұқы және шөпкоректі балық түрлерін (дөңмаңдай, ақ амур) дайындайды. Шабақтар Кіші Арал теңізі, Сырдария өзені мен Қамыстыбас көліне жіберіліп отыр.

Қазір питомниктің уылдырық шайқау цехында шыққан 50 млн-ға жуық дернәсіл тиісті салмағына жеткенше тоғандарда бағылады. Ал мемлекеттік тапсырыспен дернәсілдер алынған соң балық өсірушілерге ауысқан тұқы, дөңмаңдай, ақ амур дернәсілдері келісімшартпен, ветеринариялық анықтамасымен сатылады. Бір дернәсілдің мемлекеттік бағасы – 0,68 теңге.

– Питомник тоғандарында мемлекеттік тапсырыспен өсірілген осы-жаздық шабақтардың орташа салмағы 20, ал екіжаздық шабақтардың салмағы 150 граммға жеткен соң су айдындарына жіберіледі. Бұл жұмыс қыркүйек-қазан айларында жүреді. Балықтандыру жұмысы аяқталғаннан кейін мемлекеттік тапсырыстан артылған, орташа салмағы 20 грамм құрайтын шабақтар да балық шаруашылықтарына сатылады. Бір шабақ бағасы – 28,9 теңге. Сұраныс та жыл сайын артып келеді. Мысалы, 2024 жылы 3700000 дернәсіл, 320 278 біржаздық шабақ сатылған болса, былтыр 8441750 дернәсіл, 738 935 біржаздық шабақ сатылған. Жалпы «Қамыстыбас балық питомнигі» кәсіпорны тек Қызылордада ғана емес, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Түркістан өңіріндегі балық өсіруді қолға алған кәсіпкерлерді де шабақтармен қамтып келеді, – дейді питомниктің балық өсіру маманы Адай Ералыұлы.

Бүгінде кәсіпорын Қызыл кітапқа енген Арал қазы және Арал пілмайын тоғанда өсіріп, өнім алу жұмыстарын бастаған. Өткен жылы Сырдария өзенінен ауланып, өсірілген Арал қазынан алғаш рет зауыттық әдіспен инъекция ету арқылы дернәсіл шығарып, тоғанға жіберіпті.

– Бұл – кәсіпорынның балық шаруашылығы саласындағы ең үлкен жетістігі. Әрі қарай да балық шаруашылығының дамуына, су айдындарында балық қорының көбеюіне және жойылу қаупі бар балық түрлерін толтыру үшін аянбай еңбек ете береміз, – дейді балық өсіруші.

Бүгінде облыста жоғарыда айтылған бағдарламаға сайкес 2030 жылға дейін балық өсіру көлемін 16 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланыпты. Сондай-ақ 16 тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы, 12 тоған, 3 тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылысын іске қосып, тауарлы балық өсіретін шаруашылық санын 55-ке жеткізбек.

– 2024 жылы облыста 1001,2 тонна балық өсіріліп, балық шаруашылығын дамытуда белгіленген көрсеткіш толық орындалды. Былтыр көл-тауарлы балық шаруашылықтарымен 1400 тоннадан астам тауарлы балық өсірілді. 2024 жылы акваөсіру өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру үшін облыстық бюджеттен 9 млн 524 мың теңге бөлініп, 6 балық өсіру шаруашылығы 3 бағыт бойынша толығымен субсидияланды. Ал жем сатып алуға жұмсалатын шығыстардың 30%-ын субсидиялауға 10,1 млн теңге қаралып, қазір келіп түскен өтінімдер күту парағына қойылды, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы Дәмелі Бердешова.

Айта кетейік, өңірде теңіз бен Сырдария өзенінен бөлек, балық шаруашылығында маңызы бар 201 көл бар. Оның ішінде теңіз бен 164 көл қонурстық негізде әртүрлі жылға табиғат пайдаланушыларға бекітілген. Қалғаны резервтік қорда. Сондай-ақ бізде 16 түрлі балық кәсіптік негізде ауланып жүр.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



– Олжас Ермеқұлы, жаңа қызмет құтты болсын!

– Рахмет.

– Біз бұған дейін медицинаның кейбір түйткілді мәселелері бойынша сұхбат құруға уағдаласқан едік. Әйтсе де, бүгін (26 ақпан) сол пікір алмасуға дейін облыс активі өтіп, өзіңізді жаңа қызметке шығарып салды. Сондықтан сұхбат мазмұны өзгелеу арнаға ойысып отыр.

Ұмытпасам облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы қызметіне осыдан тура үш жыл бұрын, яғни санаулы күндері ғана кем наурыз айында келдіңіз. Сол үш жылды елекке салып көріңізші.

– Расында осыдан тура үш жыл бұрын наурыз айының 27-сі күні келдім. Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы сенім артып, басқарма басшысы қызметіне тағайындады. Үш жылда қолдан келгенінше, шамамыздың жеткенінше қызмет жасалық. Бұл салаға төтеннен келгенім жоқ. Оқу-тәжірибеміз, емханада аймақтық дәрігерден бастап бөлім меңгерушісі, бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары, басқармада, министрлікте жұмыс жасағанымыз ескерілді білем. Басқармада орынбасар болып жүргенде және министрлікте қызмет еткенде саладағы түйткілді мәселенің барлығын көрдік. Осының бәрі басқарма басшысы болғанда көп пайдасын тигізді. Мен, шын мәнінде, өзімді осындай талапшы, табанды басшылықпен жұмыс жасағанымды мәртебе санаймын.

Президентіміз денсаулық сақтау саласына айрықша мән берді. Ұлттық жоба қабылданды. Әсіресе ауыл-аймақтағы медициналық мүмкіндікті күшейту қолға алынды. Қосымша құрылыстар, келіп жатқан құрал-жабдықтар, бәрі-бәрі осы елдің игілігі үшін жасалуда. Осындай істің басы-қасында болу әрқазы жетерлендіріп отырды. Осы үш жылда ұлттық жоба аясы, үш жылдық бюджетті бекіту кезіне сәйкес келуі өңірдегі қызметімізді өзегіне айналды.

Сол шегініс жасайын, осында орынбасар болып жүргенде елді мекендердегі амбулаториялардың жағдайы қатты алаңдататын. Жылына асып кетсе үш-төрт амбулатория жаңартылатын. Бұл, шын мәнінде, нашар көрсеткіш еді. 200-дің үстінде елді мекенде денсаулық сақтау нысаны бар десек, оның жылына үш-төртеуі ғана жаңартып отыруы төмен нәтиже еді. Ұлттық жоба қабылданды, бізге қажетті 28 нысан жобаға енді. Осылайша Президент пәрменімен өмірге келген «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы дүр сілкініс екенді.

Ауыл – алтын тамырымыз. Сол ауылды сақтау үшін инфрақұрылым ішінде медициналық қызметтің орны бөлек. Мектептердің, амбулаториялардың салынуы, аудандық ауруханалардың жақсаруы, сапалы ауызсуудың берілуі, бәрі-бәрі Президент бастамасының шапағы. Осы арада айта кетейін, облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлының табандылығы нәтижесінде Қызылорда облысы осы ұлттық жобаны өз мақсатында, тиісті деңгейде қорытындылаған бірінші облыс атанды. Мұны өз саламызға қатысты еңсені тік ұстап айта аламын және қуанамын. Ұлттық жоба қолға алынған кезде министрлікте қызметте едім. Жобаның дайындалу, қабылдану сағына атсалыстық. Ал жүзеге асырылуы осында басқармаға басшылық жасағанда өзімізге бұйырды.

Кешегі іргетасы қаланған перинаталдық орталық, бірі білсе, бірі білмес республикада осындай 8 нысан салынуы тиіс еді. Ол кейін 7-еу болды. 8-ші тұрған Қызылорда тізімнен түсіп қалды. Осыны облыс әкімі тиісті министрлікке шығып, қайта қостырды. Бізде ана мен бала орталығы бар, бірақ оның құрылысы сапасы, мүмкіндіктері кейінгі талпықа жауап бере ала ма? Осындағы бар мәселе түгелдей



Олжас Ысқақов: «ШЫНАЙЫ ІЗГІ-НИЕТ МАҚСАТ ЖОЛЫН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ»

сүзгіден өтті. Заман өзгерді, талап қатайды, ана мен балаға сол орталықта көрсетілетін медициналық қызмет тіпті жаңарып кетті. Енді сәтін салса, көздеген мүмкіндіктер жаңа перинаталдық орталықта жүзеге асады.

– «Қазақстан халқына» қоры өңір медицинасына не әкелді?

– Осы арада бір мәселені айтқым. Медицина бойынша әуелгіде осындай қор арқылы бұлшықет жетіспеушілігі дертіне шалдыққан балалардың ұмытпасам ата-аналары бастама көтерді. Ондай қатерлі дертке шалдыққан елімізде 100-дің үстінде бала болды. Оның емі өте қымбат. Америкалық препарат 1 млрд теңге тұрады. Ол кезде алып беретін қаржы шектеулі, әрі ол дәрі Қазақстанда тіркелмеген. Содан шетелдердің тәжірибесін іздендік. Сөйтіп Ресейде «Круг добра» деген қор барын білдік. Ол қор тіркелмеген дәрі-дәрмекті алуға, ауыр науқастарға көмектесуге арналған. Әлгі қорға ресейлік ірі компаниялар, олигархтар, бай-дәулеттер жылына бір мәрте қайырымдылық есебінде қаржы салып тұрады. Солай науқас балаларды емдейді.

Қантар оқиғасынан кейін «Қазақстан халқына» қоры құрылды. Осы қордың көмегімен бізде Арал, Жаңақорғандағы оңалту орталықтары, жылжымалы медициналық кешен, қаншама дәрі-дәрмек алынды. Қазірге дейін қордан өңірдегі тек медицина саласына 5 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді. Бұл – үлкен қолдау. Енді қор арқылы 4 млрд теңгеге онкологиялық ауруханаға өте маңызды жабдық алуға келісім-шарт жасалды.

Өздеріңіз білетіндей, жуырда ғана Қызылордада ашылған «Орхун медицина» медициналық орталығы елімізде Маңғыстаудан кейін Қызылордада іске кірісті. Бұл орталық есепте тұратын онкологиялық науқастардың бір-қатарына Астана, Алматыға сабылмай осында ем алуына қызмет көрсетеді. Жалпы осы орталықтың негізі өзіміз министрлікте жүргенде қаланып еді.

сын нығайтуға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және тұрғындарға медициналық көмекке қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік берді.

Енді қараңыз, 2019 жылы бір тұрғынға арналған шығын көрсеткіші орташа есеппен 60041 теңгені құраса, жүйені іске асырудың арқасында бұл көрсеткіш 266 пайызға артып, 2026 жылы 159 990 теңгеге жетті. Демек, әрбір тұрғынға көрсетілетін медициналық көмек көлемінің едәуір артқанын және жүйенің тиімділігін көруге болады.

МӘМС жүйесі енгізілгеннен кейін медициналық көмектің қолжетімділігі мен көлемі айтарлықтай кеңейді. Атап айтқанда, жоғары технологиялық медициналық көмек көлемі кейінгі 5 жыл ішінде 206 млн теңгеден 1 046 млн теңгеге, яғни 5 есеге артып отыр. Бұл қаржы қымбат әрі күрделі медициналық қызметтерді, оның ішінде нейрохирургиялық, кардиохирургиялық, онкологиялық оталар, сондай-ақ трансплантация сияқты өмірлік маңызды операцияларды қамтамасыз етуге ба-

Мисалы, Германияда міндетті медициналық сақтандыру 100 жылдан астам уақыттан бері жұмыс істейді. Ел тұрғындарының басым бөлігі сақтандыру қорларына міндетті түрде жарна төлейді, ал мемлекет әлеуметтік осал топтар үшін жарналарды өз мойнына алады. Сақтандырылған азаматтар дәрігерді және медициналық ұйымды еркін таңдау құқығына ие.

Францияда медициналық сақтандыру жүйесі аралас модельге негізделген. Мемлекеттік сақтандыру негізгі медициналық қызметтердің көп бөлігін қамтиды, ал қосымша ерікті сақтандыру азаматтардың жеке қажеттіліктерін өтеуге мүмкіндік береді. Бұл модель медициналық көмектің жоғары қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Ұлыбританияда денсаулық сақтау жүйесі салық есебінен қаржыландырылады. Азаматтар медициналық көмекті тегін алады, ал міндетті сақтандыру қалғандары әлеуметтік теңдік пен жалпыға бірдей қолжетімділікке негізделген. Ал Оңтүстік Корея

45,9 млрд теңге ғана болды. Бәріміз білеміз, сырттан келген жоқпыз. Сол кездері бір ғана облыстық медициналық орталықта жыл аяғына қарай қаражат тапшылығынан тек шұғыл жағдайдағы науқастарға көмек көрсетілгені болмаса, жоспарлы ем, енгізу, күрделі ота жасау қызметтері шектелетін. Науқас амал жоқ келесі жылды күтетін. Айталық, 2019 жылы облыста 763 мың халық болса, әлгі 45,9 млрд жан басына шаққанда 60 мың теңге жобасында келеді. Ал қазір 818 мың халыққа 160 мың теңгеден қаражат келіп тұр. Демек, сақтандыру жүйесінің пайдасы бар.

– Мына дәлелдеріңізге қарап үлкен қолжетімділікті байқауға болады. Ал енді саладағы ірі жобалар туралы не айтасыз?

– Өздеріңіз білесіздер, Президент пен Үкіметтің қолдауы, облыс әкімінің іскерлігі нәтижесінде өңір медицинасы жақсы даму қалыптастырды. Аймақ басшысы бірде-бір көтерген бастамамызға қолдау білдірмей қалған емес. Үш жылда медицина саласы осыны сезінді.

2022-2025 жылдары аймағымызда 26 млрд 400 млн теңгеге 40 медицина нысаны салынып, пайдалануға берілді. Бүгінде облыс орталығында 36 млрд 400 млн теңгеге бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы қарқынды жүруде. Жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Әлгіде айтқандай, жақында құны 45 млрд 800 млн теңгеге 200 төсек-орынға арналған жаңа перинаталдық орталықтың, 14 млрд 700 млн теңгеге 500 келушіге арналған емхананың және 9 млрд 800 млн теңгеге Титов қыстағынан ауысымына 400 келушіге арналған №5 қалалық емхана құрылыстары басталды. Қысқасы, осының бәрі ел саулығы жолында жасалып жатқан игілік.

Әрине, кем-кетіксіз тіршілік жоқ. Дамыған мемлекеттердің өзі МӘМС жүйесін жөндеп, бірін алып, бірін салып, тәжірибе жүзінен өткізіп жатыр. Ал біздің бастамамызға бес-алты жылдың айналасы болды.

– Ойға алып, уақыты келмей қалған жоба бар ма?

– Ойда, ойда емес бастама ретінде балалар оңалту орталығын ашуды қолға алдық. Арал, Жаңақорған және қаладағы орталықтарды біріктіріп, облыстық оңалту жүйесін құру межесі тұр. Енді санаулы уақытта оның да кезегі келеді. Бұл біздің балаларымыз үшін, өзге өңірлерге сабылмай ем алу үшін жасалатын мүмкіндік.

Есептеулер бойынша, халықтың медициналық көмекке қанағаттану деңгейі облыста – 61 пайыз, республикада көрсеткіші – 38 пайыз. Бұл өлшемді біз жүргізбейміз, арнайы ғылыми-зерттеу институттары сараптама жасайды. Ал олардың қай кезде келіп, кімнен, қалай талдау жасағаны бізге де беймәлім. Сондықтан осындай жетістіктердің артында күні-түні жауапкершілік аркалап, адам өмірі үшін күресіп жүрген әріптестеріміздің еңбегі тұр.

Осында қызмет еткен үш жылда басшылар қолдады, қажет жерінде қорғалды. Қанаттас бірге жүрген әріптестер қарсы келген жоқ, әрқазы демеу, көңілге медеу болды. Шынайы ізгі-ниет мақсат жолын жеңілдеті екен. Өңірде 3 мың дәрігер, 12 мың орта буын, 5 мыңға жуық өзге де медицина қызметкері, барлығы 20 мыңға тарта адам осы салада еңбек етуде. Осы үлкен саланың өзге жауапты қызметін адал атқарып жүрген әріптестеріміз шын көңілден ризалығымды жеткізім келеді.

– Жаңа қызметіңізге сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан
Қуат ШАРАБДИНОВ,
«Сыр бойы»



Суретері: түсірген: Н.Нұржолбайұлы

Тізімге енді, ал тізімге алынған дүниені біздің басшы жүзеге асырмай қоймайды.

– Енді міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне келсек. Біздің бастапқы сұхбатымызға түрткі болған осы тақырып еді. Ел ішінде түрлі пікір бар. Ақ-қарасын қалай айырсақ болады?

– Жалпы Қазақстанда 20 миллионнан астам халық болса, соның ішінде МӘМС-ке қаржы төлейтіндері 4 миллионға жуық. МӘМС жүйесі енгізілгені бірінші кезекте денсаулық сақтау саласының бюджеті едәуір көбейді. Облыста 2019 жылы МӘМС жүйесі іске қосылғанға дейін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне шамамен 45,9 млрд теңге бөлінген болса, 2026 жылға медициналық көмекті қаржыландыруға 130,9 млрд теңге көзделген. Оның ішінде ТМҚК бойынша – 64,8 млрд теңге, МӘМС бойынша – 66,1 млрд теңге. Жүйені енгізудің арқасында денсаулық сақтау саласын қаржыландыру көлемі 285 пайызға өсті. Қаржыландыру көлемінің артуы медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық база-

ғытталған. Қаржыландырудың артуына байланысты жыл сайын қызметтердің саны көбейіп, күрделі оталарды жасау мүмкіндігі кеңейіп келеді.

Медициналық оңалту қызметтерін қаржыландыру көлемі 60 млн теңгеден 4140 млн теңгеге артқан. Қазіргі таңда МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұрғындар стационарлық, амбулаториялық және үй жағдайында оңалту қызметтерін пайдалана алады. Сонымен қатар, консультативтік-диагностикалық қызметтерді қаржыландыру көлемі 909 млн теңгеден 19 487 млн теңгеге артты. Бұл деменіңіз тұрғындарды қажетті мамандардан кенес алып, диагностикалық тексерулерден өткізуді қамтамасыз етуге, ауруларды ерте анықтауға және асқынулардың алдын алуға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан бұл денсаулық сақтау саласын тұрақтандыруға, халыққа медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыруға және жалпы елдің денсаулық деңгейін көтеруге бағытталған маңызды жүйе саналады.

мен Жапонияда міндетті медициналық сақтандыру жүйесі мемлекет, жұмыс беруші және азаматтардың ортақ жауапкершілігіне сүйенеді. Бұл елдерде сақтандыру арқылы халықтың 95-100%-ы медициналық қызметпен қамтылған. Көршілес Ресей Федерациясында міндетті медициналық сақтандыру жүйесі 1993 жылы, Эстонияда 1992 жылы, Латвияда 1990 жылдары, Литвада 1997 жылы, Түркияда 2012 жылы қолданысқа енгізілген.

Жалпы біздегі МӘМС әлеуметтік жүйеге негізделген. Тура-сынан айтқанда, дені сау, табыс тауып отырған адам сол МӘМС-ті пайдаланушыларға қолдау көрсетіп отыр. Бұл арада өзіміздің ұлттық болмысымыздың, әдет-ғұрпы, таным-түсісіміздің өлшемін айқындалатынын да ескермей болмайды. Жоғарыда келтірген цифрлар МӘМС-тің қажеттілігіне дәлел болса керек. Ал онсыз әлгі айтқан 45,9 млрд теңгеге қайта келеміз. Мұны неге қайталап отырмын?

МӘМС болмаған кезде, яғни 2019 жылы өңірдегі денсаулық сақтау саласын қаржыландыру

Қызылша: жаңа қаулыда не көзделді?

Қазіргі уақытта республика көлемінде қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалы тұрақсыз. ҚР ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің дерегіне, жыл басынан бері 3500-ге жуық жағдай тіркелген. Ауырғандардың көбі – екпе алмағандар.

Осыған байланысты эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандырып, аурудың одан әрі таралуын болдырмау үшін 19 ақпанда бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің «Қазақстан Республикасында қызылша бойынша санитариялық эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу шаралары туралы» қаулысы қабылданды. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова жаңа қаулыны таныстырды.

Құжатта қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы иммундауды кеңейту көзделген, яғни ауруға қарсы шаралар күшейтілген.

– Жаңа қаулыда 6 айдан 10 ай 29 күнге дейінгі балаларды егу көрсетілген. Егу республика көлемінде эпидемиологиялық ахуал тұрақталғанға дейін жүргізіледі. 2023 жылдан бері эпид-ахуал тұрақсыз деп бағаланып келеді. Сол жылы 6-11 айлық балаларға екпе салынды. Дегенмен, әлі де ауру тіркелуде. Нақтырақ айтқанда, 40 пайызы бір жасқа дейінгі нәрестелер, 53 пайызы 0-4 жасқа дейінгі балалар.

Сонымен қатар Ұлттық профилактикалық екпелер күнтізбесіне сәйкес егілмеген 2-5 жас және 7-18 жас аралығындағы балалар да қамтылады. Оған қоса 30 жасқа дейінгі егілмеген, егілгені туралы деректері жоқ, сондай-ақ ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін осы инфекцияға қарсы алдыңғы қосымша жаппай иммундау барысында вакцина алмаған медицина қызметкерлері егіледі.

Шетелдік азаматтарды қоса алғанда, ақпараттандырылған келісімді алғаннан кейін қызылшамен ауырған адаммен соңғы қарым-қатынаста болған сәттен бастап

72 сағаттан кешіктірмей 30 жасқа дейінгі адамдарға шұғыл вакцина салынады.

Қаулыға сәйкес балаларды стационарларға, жұмысқа ұйымдарға қабылдауға қатысты бірқатар күшейту шаралары белгіленді. Нақтырақ айтқанда, балаларды жоспарлы емдеуге жатқызуға қойылатын талаптар күшейтілді. Енді тұрақты медициналық қарсы көрсетілімдері бар балаларды қоспағанда, қызылшаға, қызамыққа және эпидемиялық паротитке қарсы вакцинациясы жоқ балалар жоспарлы түрде стационарларға жатқызылмайды.

Сонымен қатар жабық мекемелерге (балалар үйлеріне, мектеп-интернаттарға, балалар мен ересектерге арналған психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарға) қабылдау Ұлттық егу күнтізбесі шеңберінде вакцинация болған кезде жүзеге асырылады. Қызылша жағдайының тіркелуі кезінде екпе алмаған балалар мектепке дейінгі ұйымдарға және мектептерге барудан уақытша шеттетіледі, – дейді Әлия Мүтәліпқызы.

Сондай-ақ Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері, Мемлекеттік күзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне байланысты да қаулыда бірқатар шаралар белгіленген. Атап айтқанда, қызылшамен ауыратын науқаспен байланыста болған, ауру белгілері бар не инфекциялық ауру ошақтарынан келген әскерге шақырылушыларды әскери бөлімдерге келген кезде 21 тәулікке оқшаулау, әскери арнаулы оқу орындарына қабылдау Ұлттық егу күнтізбесі шеңберінде екпе алған кезде жүзеге асыру, қызылша жағдайын тіркеу кезінде бөлімшелерден және науқаспен қарым-қатынаста болғандар қатарынан адамдарды ауыстыруға және жұмыстан шығаруға тыйым салу.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, облыста 2023 жылы 1682 дерек, 2024 жылы 1557 жағдай тіркелсе, бұлтыр қызылша ауруының зертханалық жолмен нақтыланған 339 жағдайы орын алған. Аурудың басым көпшілігі,

яғни 71,1%-ы қызылшаға қарсы екпе алмағандар арасында анықталды. Ауру-шаңдықтын салыстырмалы түрде өсу тенденциясы өткен жылдың маусым айынан басталды. Дегенмен бұлтырғы көрсеткіш 2024 жылғы аурушандық көрсеткішімен салыстырғанда 4,6 есе төмен болды.

Ал жыл басынан бері қызылша ауруының 25 клиникалық жағдайы есепке алынды. Ауруға шалдыққандардың басым көпшілігі 1-4 жас аралығындағы балалар, олардың үлесі 52,9 пайыз. Науқастардың егу статусына байланып талдау нәтижесінде 70,6 пайызы қызылшаға қарсы әртүрлі себептермен егілмеген. Егілмегендердің ішінде 33,3 пайызы ҚР Ұлттық алдын ала егу кестесіне сәйкес егу жасына жетпей (1 жасқа дейінгі балалар) екпемен қамтылса, 58,3 пайызы ата-аналары қарсы болғандар, 8,3 пайызы медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты егілмегендер.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қазақ тарихында тұтас бір дәуірдің рухын аркалап өткен адамдар бар. Алпамыс баба – сондай сирек жаратылған тұлғалардың бірі. Оның ғұмыры – аңыз бен ақиқаттың, сенім мен шындықтың, таным пен тағдырдың бір арнаға тоғысқан көрінісі.

Алпамыс жастайынан алғыр болып өсті. Ел ішінде «мына бала тегін емес» деген сөз ерте айтылды. Оның бойынан өзгелерде сирек кездесетін ой тереңдігі, парасат салмағы, сөзге жауапкершілік айқын сезілетін. Балғын шағында-ақ қажыр-қайратын білім мен ілімге арнап, сөзді биіктен сөйлейтін деңгейге жетті. Жаратылысынан зерек жан өмірді үстірт қабылдамады, әр құбылыстың мәнін іздеді, адам жанының қатпарлы сырын ұғынуға ұмтылды. Халық оны әр қырынан та-

корді. «Мұны тәрбиелеп, ілім-білім үйретсе, ертең елге танылар дана болар» деген ой көкейіне келді. Баланың ата-анасы алаңдап отырғанын түсініп, Алпамысты қасына отырғызып, жеңіл арбаға жегіп, қазақ ауылына өзі жеткізуді жөн көрді.

Бұл оқиға Алпамыстың болашақ болмысының алғашқы белгісі болатын. Баланың бойындағы батылдық, жол тануы, жат адамнан именбеуі, ішкі сенімі – бәрі де ерте жетілген рухтың нышаны еді.

Жылдар өте келе сол бала Назар ауылында тағы бір қырынан танылды. Бір түні ауылда үлкен думан өтті. Домбыра шертіліп, жыр төгді. Сарыбала жырау Мәулімниязды, Едігені, Қарасайды жырылап, елдің рухын көтерді. «Нар идірген», «Боз жорға», «Ақсақ киік» секілді күйлер түн тыныш-

алдындағы жауапкершілік деп қабылдады.

Міне, дәл осыдан кейін халық оны жай емші деп емес, рухы орныққан, сөзі салмақты, жолы айқын «баба» деп таныды.

Жаңа ғасырмен бірге елдің тұрмысы да өзгерді. Кімге мал мен бақ дарып, кеңшілік бұйырды, кімге күнелту үшін маңдай терін сығып еңбек ету жазылды. Бірақ бос жатқан жан болмады: бірі мал бақты, бірі жер жыртты, бірі көсіп куды. Ал қариялар болса, ата-анадан айырылып қалған сәбилер үшін Жаратқаннан медет тіледі.

Сол жұрттың қатарында Алпамыс та бар еді. Ата-анасы тағдырдың жазуымен ерте кеткен соң, ол да өз шаңырағын көтеріп, тірлігін адал еңбекпен жалғады. Байлығы мол болмаса да, абыройы асқақ болды. Бір аты,

Оның ерлігі үнсіз төзімде еді. Қасиеті – үмітті өшірмегенінде. Ұлылығы тағдырдың өзіне қарсы емес, тағдыр арқылы адам болып қалуында еді. Осылайша бір адамның сабыры бір әулеттің жалғасына, бір әулеттің жалғасы бүгінгі ұрпаққа айналды.

Бір кеште Алпамыс баба үйдің төрінде жалғыз қалды. Сыртта жел үйді, тұн ауыр тыныстап тұрғандай еді. Ол үнсіз ғана отыра қалып, қабырғаға сүйеулі тұрған бір тал ағашты қолына алды. Бұл ағаш әлі домбыраға айналмаса да, бірақ бабаның жүрегінде ол баяғыдан сөйлеп тұрғандай болатын. Ағашты ала салысымен, өткен өмірдің елестері көз алдына тізіліп өтті: жүт жылдары, аштықтың ызғары, обадан үзілген үндер, жер қойнына тапсырылған жас перзенттердің бейнесі.

Баба балта мен шотты қолына алды. Әр соққысы ағашқа емес, жүрекке тигендей сезілді. Бірақ ол тоқтамады. Себебі бұл соққылар ішке сыймаған шердің, айтылмай қалған сөздің сыртқа шығуы еді. Асыққан жоқ. Әр қимылын ойлап, әр бөлігін салмақпен жоюып отырды. Ол өнер де, өмір де сабырды сүйетінін жақсы білетін.

Күндер өтіп, домбыра да дауын болды. Ішек тағылған сәтте үй ішін терең тыныштық басты. Сол тыныштықтың ішінде баба домбыраны қолына алып, баяу ғана күй тарта бастады. Бірінші дыбыстан-ақ өткен күндер тіріліп кеткендей болды. Күймен бірге жұттың суығы сезілді, обаның зары естілгендей болды, жер астында қалған балалардың мұны бір әуенге айналдырғандығы.

Алпамыс баба жылмады. Беті де, даусы да өзгермеді. Бірақ домбыра жылады. Ол тартқан күй ер адамның көз жасынан да ауыр, одан да терең мұңды жеткізді. Бұл сабырмен тізгінделген қасіреттің, үнсіз төзімнің үні еді.

Күй аяқталғанда, баба домбыраны үнсіз ғана қасына қойды. Сол сәтте ол өз қайғысын өнерге айналдырып, оны болашаққа аманат еткенін іштей сезді. Бұл бір кештің оқиғасы болса да, сол кештен бастап домбыра Алпамыс бабаның ғана емес, тұтас бір тағдырдың үнін сақтап қалған еді.

Алпамыс баба ешқашан өзін әулиемін деп атаған емес. Бірақ әулиелік оның ниетінен, ісінен, адамға деген адалдығынан өзінен-өзі танылды. Оның ұлылығы тек бата беруінде емес, қолын бос ұстауында, тәуелсіз қалуында, ар мен ұятты ешбір мөрге айырбастамауында еді. Ол заманнан биік тұрған адам емес, заманның ішінде жүріп, адам болып қала алған сирек тұлға болатын.

Өмірінде ол әр адамға бірдей қарады. Алдына зарлап келген де болды, күмәнмен барлап келген де болды. Бірі сенді, бірі сенбеді. Бірақ әрқайсысы өз шындығын алып қайтты. Бірі шипа тапты, бірі бағыт-бағдар алды, бірі тағдырын өзгертті. Оның емін көргендердің ішінде шәкірт болып қалғандар да аз емес. Олар бабадан тек ем-шілікті емес, адамдықты, сабыр мен қанағатты үйренді. Бірі елге танылған емшіге айналса, бірі өз отбасына ғана шипа болумен шектелді. Бірақ бәрі де Алпамыс бабаның атын құрметпен атады.

Өкіл бала, өкіл қыз атанған жандар оның өмірінде ерекше орын алды. Бала сүйе алмағандарға ұміт отын жақты. Кейбірі жылдар бойы оның шаңырағында тәрбиеленіп, мінезін бойына сіңірді. Олар үшін Алпамыс баба тек емші емес, әке орнына әке болды.

Қартайған шағында да баба заман ағымын терең түсінді. Балаларына ескі жолмен шектелмей, жаңа білімге ұмтылуды, өнер мен ғылымды қатар ұстауды, тіл үйреніп, еңбекке бейім болуды өсиет етті. Бұл оның болашақты ойлаған кемел парасатының айғағы еді.

Алпамыс баба дүние салғаннан кейін де оның аты ел жадынан өшкен жоқ. Шипасын, тәлімін көргендер, батасын алғандар сол адамгершілік жолды жалғастырып келеді. Оның айтқан нақылдары, қарапайым да терең өмірлік кеңестері әлі күнге дейін мәнін жойған жоқ. «Берсен қолың үстінде болар, алсаң қолың астында қалар» деген сөзі – бүкіл өмірінің айнасы іспетті.

Бүгінде Алпамыс бабаның ұрпағы ел ішінде өсіп-өніп отыр. Олар өзгеден ерекшеленемін деп ұмтылмайды, бірақ өмірге жауапкершілікпен қарайды. Білім қуғаны да, еңбекке араласқаны да, кәсіп жолын таңдағаны да бар. Бірақ бәрінің ұстанымы бір: адал еңбек, таза жол, адам болып қалу.

Алпамыс баба – бір әулеттің ғана емес, тұтас бір елдің рухани жадында қалған тұлға. Оның ғұмыры бізге бір шындықты ұқтырады: адам өмірі жылмен емес, қалдырған ізімен өлшенеді. Ал бабаның ізі – сабыр, парасат, рухани тазалық пен тағдырға мойымай, өмірді қадірлей білу. Осы қасиеттер арқылы Алпамыс баба бүгінгі ұрпақ үшін өнерге, ертеңгі күн үшін де рухани тірек болып қала береді.

Венера САУЯЕВА,
№290 орта мектептің
мұғалімі,
филология ғылымдарының
магистрі.
Қызылорда қаласы

Жаныңыз болсын жұмақта



Әулетіміздің қадірменді келіні, балаларының аяулы анасы, асыл жар болған Ибраева Тынымкүл Әлжанқызы осы жылдың 26 ақпанында өмірден озуы барша ағайынға ауыр қайғы әкелді.

Тынымкүл Әлжанқызы 1963 жылдың 15 қазанында Тереңөзек кентінде дүниеге келген. 1980 жылы Жданов атындағы №36 орта мектепті тәмамдады.

1985 жылы Жамбыл жеңіл өнеркәсіп технологиялық институтына оқуға түсіп, «инженертехнолог» мамандығы бойынша жоғары білім алып шықты. Еңбек жолын сол жылы жас маман ретінде химиялық тазалау, тігін және аяқ киім жөндеу фабрикасында бас инженер қызметінен бастады. 1990 жылы «Сая» ұжымдық кәсіпорнында еңбек етті. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін алғашқылардың бірі болып жеке кәсіпкерлікке бет бұрып, азық-түлік дүкендері желісін қалыптастырды. Іскерлігі мен еңбексүйгіштігінің арқасында кәсіпкер ретінде қаламыздың экономикасының дамуына өз үлесін қосты. 2021-2025 жылдары АО «СПК Байқоңыр» мекемесінде жетекші маман қызметін абыроймен атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Ардақты жан 1995 жылы Құлымғалиев Қазбек ағамызбен шаңырақ құрып, дүниеге ұш бала әкелді. Балаларына саналы тәрбие беріп, жоғары оқу орнын бітіртіп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Ол отбасына ардақты ана, туған-туысына қамқор жан, айналасына сыйлы, парасатты тұлға, жора-жолдастарының ортасында көшбасшы бола білді. Өмір жолында адалдықты, сабырлық пен мейірімділікті ту етіп, өз ортасына әрдайым үлгі болды. Жақындарының жүрегінде оның шексіз қамқорлығымен ұялаған жарқын бейнесі мәңгі сақталады.

Барлық көз көрген ағайын-туыс, құда-жекежат, көрші-көлем, жора-жолдас, тілеулес жандары марқұм Тынымкүл Әлжанқызының бірінші жетісі 5 наурыз күні Қызылорда қаласы, Пазылов көшесі, 54-үй мекенжайында, қырық күндік асы Қызылорда қаласындағы АЕГ Grand Hall мейрамханасында 4 сәуір күні сағат 12:00-де берілетінін хабарлай отырып, қасиетті Құран ішінде болуға шақырамыз.

Құлымғалиевтер әулеті, бауырлары, достары

Хабарландыру

«Великая стена» Бұрғылау Компаниясы ЖШС 10.03.2026-16.03.2026 ж. аралығындағы кезеңде Бірыңғай экологиялық порталда (ndbecology.gov.kz) «Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қызылорда-Құмкөл тас жолының 104 км жерде орналасқан «Великая стена» Бұрғылау Компаниясы ЖШС өндірістік базасының шаруашылық қызметі үшін» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні болады.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады (ndbecology.gov.kz) ескертулер мен ұсыныстар беру үшін.

Объявление

ТОО Буровая компания «Великая стена» сообщает о том, что в период с 10.03.2026 по 16.03.2026 г. на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту для хозяйственной деятельности производственной базы, расположенной в Кызылординской области, Сырдаринском районе, 104 км трассы Кызылорда-Кумколь ТОО Буровая компания «Великая стена» (Кызылорда)

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений.

Хабарландыру

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 26-бабы 2-тармағының 14-тармақшасының талаптарын сақтай отырып, «Қызылорда электр тарату траптары компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда бойынша департаментінің 2026 жылғы 20 ақпандағы №6 бұйрығымен 2024 жылдың тарифтік сметаның орындалмауына байланысты 2026 жылғы 1 сәуір мен 2027 жылғы 31 наурыз аралығында электроэнергиясын беру қызметіне 1 кВт*сағат ҚҚС-сыз 8,76 тенге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілгені туралы хабарлайды.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Алпамыс баба ғибраты

Бұл мақала ғұмырын адам жанына шипа дарытуға, ел бірлігі мен рухани тазалыққа арнаған, сабыр мен парасатты өмірінің өзегіне айналдырған, халық жадында аңыз бен ақиқат болып қатар өрілген Алпамыс бабаның 160 жылдығына арналады.

ныды. Бірі бақсы деді, бірі тәуіп санады, бірі молда, енді бірі әулие деп білді. Бірақ ол өзін ешқашан белгілі бір атауға байлаған жоқ. Уақыт өте келе өмір жолының өзі оның шын болмысын айқындап, соңына «баба» деген қасиетті атты қалдырды. Бұл атак емес, елдің берген бағасы, рухани мойындауы еді.

Алпамыс бабаның бойындағы тылсым қасиет көзге көрінбейтін, бірақ жүректен сезілетін қуат болатын. Он сегіз жасында жынының жолын кескені жайлы айтылатын әңгімелер де – оның рухының тазалығы мен ішкі күшінің көрінісі. Нанымыз көрінетін бұл сөздердің түбінде өмірлік тәжірибеден, адам жанының заңдылығын терең түсінуден туған ақиқат жатты.

Оның болмысы тектілікпен астасып жатыр. Қаракесек атамыздан тараған, Жақау бағырдай ерлердің ұрпағы. Бағдат пен Бұқарадан білім алған, қалпе атанған Кешубай, дертке шипа дарытқан Ақтай баба секілді білім мен рухты қатар ұстаған әулеттің жалғасы. Ақтай бабадан тараған алты ұл халық арасында «Алты атан» атанған бірліктің, ерліктің, тектіліктің үлгісі болды. Сол алты ұлдың кенжесі – Алпамыс. Кенже болса да, салмағы ауыр, жолы бөлек, тағдыры терең еді.

Алпамыстың болмысы бала кезінен-ақ өзгеше танылды. Ол ортаға сіңіп кететін көптің бірі болмады. Ерте жастан байқалған байыптылық, сабыр, қоршаған дүниеге серек қарау оның жанының ересек екенін аңғартты. Мұндай қасиет тек тәрбиелен емес, тектен, жаратылыстан дариды.

Мың сегіз жүз алпыс сегізінші жылдың шамасы. Сыр бойының аяқ жағы. Назар ауылы жаз жайлауға енді ғана қонып, көктемнің май тоңғысыз, жер бусанып, гүл-бәйшешек көктерген шағы еді. Табиғаттың өзі тіршілікке шаттанып, жан-жануар да, адам да бір рахат күйге бөленген кез. Тұс ауа ауыл тыныстап, балашаға қымыз сұрап, үлкендер дамыл алуға бет бұрғанда, бір сәтте Алпамыстың жоқтығы сезілді. Шешесі «Алпанжан» деп баласын дауыстап іздеп, таппады. Ауыл іші әп-сәтте абыр-сабырға толды. Іздегенмен табылмады. Бес-алты үйі ғана отырған ауыл үшін бұл үрейлі еді. «Аспанға ұшып кеткендей, жерге кіріп кеткендей» деген күй кешті жұрт.

Сол сәтте көз ұшында бір-екі атты көрінді. Көрші ауылға мал қарауға кеткен Мейірман әкесімен келе жатты. Болған жайды естігенде әкесі бірден қауіп сезіп, ойға шомды. Содан соң, есіне әлдене түскендей, Райымға баратын жолға түсті. Кеше ғана баласы Алпамыс «мен де барамын» деп Райым жақты сұраған. Ол кезде ертең аппарамын деп тоқтатқан. Бірақ баланың ізіне қарағанда, әкеге қарамай-ақ, өзі жолға шыққаны анық еді. Ат үстінде бір тосақ қымыз ішіп, көп кідірмей баланың ізін қуаған әке томпак аяқтық ізімен ұзап кеткен жолды көрді. Із тікелей Райымға қарай тартқан.

Райым ол кезде сауда-саттықтың жері еді. Онда ел «Иван тамыр» атап кеткен, майда-шүйде саудамен айналысатын, қазакқа жат емес бір орыс саудагері тұратын. Сол күні түс мезетінде оның үйіне боз көлікті, кішкентай ғана бала жалғыз өзі келіп қалған еді. Иттер үргенімен, бала қорқып жыламады, тайсалмады. Бала мұны бірден байқады. Балаға мейірлене қарап, жуындырып, тамақ бергізіп, өрік-мейіз ұсынып, тыныштандырды. Бір-ақ рет көрген Назарды ұмытпаған. Бала пәк көңілімен «кем келеді» деп сенді. Сол сенім, сол сабыр Иванға да ерекше әсер етті. Екі жасар баланың жанарынан ол өзгеше суәнді, ерекше сананы

тығын тербеп, тыңдаған жанының жан дүниесін өзгертті. Таңға жуық күйші сыртқа шыққанда, үй ішінен әлгі күйлердің үні әлі де естілгендей болды. Бұл жай елес емес еді. Сарбаланың домбырасын өңгеріп алып, бес жастағы Алпамыс дәл сол күйлерді нақышына келтіре тартып отырды.

Сол сәттен бастап ел тағы да бір шындықты мойындады: бұл бала жай ғана бала емес. Оның бойында тектен, тағдырдан келген өзгеше қабілет бар еді. Кейінгі ғұмырында бақсы, тәуіп, молда, әулие деп танылуы, екі ғұмыр кешуі, тоқсан үш жасқа келіп армансыз өтуі – бәрі де осы ерте көрінген белгілердің жалғасы болатын.

Алпамыс бабаның болмысын түсіну үшін оны тек өмірбаяндық деректермен өлшеу жеткіліксіз. Ол – белгілі бір кезеңнің ғана емес, қазаттық көне рухани танымының, тектілік жадының көрінісі. Оның бойындағы қасиет кейін қалыптасқан мінез емес, жаратылысымен бірге келген ішкі күш, табиғи даралық еді. Мұндай адамдар халық жадында кездесейсіз сақталмайды. Олар – уақыттың өзі іріктеп қалдырған тұлғалар.

Алпамыс бабаның өмір жолы тылсымнан басталып, таныммен тәмамдалған тағдыр еді. Ол бұл дүниеге жай адам болып келмегенін ерте сезді. Балалық шағынан-ақ бойындағы алапат күш кейде ақылға бағынбай, жанын да, тәнін де шаршатытын. Бірде сергек, бірде мең-зең күй кешіп, өз-өзін тани алмай жүрген шақтары аз болған жоқ. Бұл ауру ма, әлде басқа әлемнің белгісі ме, оны өзі де айыра алмады.

Сол тұста әкесі Назардың жүрегі тыныштық таппады. Баласының жанын жегейді деген беймәлім күй, кейде бойын билеп келетін тосын мінез әке түйсігін алаңдатты. Үмітін үзбей, шипа іздеп, Алпамысты Арыстанбаба алып келеді. Бұл сапар жай сапар емес, тағдырдың өзі бастаған тура жол болатын. Арыстанбаб басында түнеп жатқан түндердің бірінде әкесі Назар аян көреді. Түйсінде ақ сақалды қария әкеге сабыр айтып, баласы үшін қам жемеуін өтінеді. Аруақ баланың жай бала емес екенін, асыл текті, ерекше рухани қуатпен туғанын айтады. Сол себепті перілер де оның жанына көз салып, өз әлеміне тартпақ ниетте жүргенін ескертеді. Пері күшін тек дұғамен, рухани тазарумен ғана байлауға болатынын айтады. Қырық күн бойы үзбей оқылатын дұға дертінің шипасы екенін, егер дұға жеті рет бір деммен оқылса, тылсым күштер байланады деген сенім беріледі.

Сол күннен кейін тағдыр оны Сәрсен байдың ауылына әкеледі. Бұл ауылда Сұлу атты қыз жаны дертіне шалдыққан болатын. Қанша бақсы, қанша молда келсе де, ауру асқынып, елдің үрейін алған. Қыздың қолы байлауды, жаны тұтқында еді. Бұл көрініс Алпамыстың өз өткенін еске салды. Ол қыздан өз бейнесін көреді.

Ем басталған сәт екі тағдырдың түйіскен тұсы болады. Алпамыс қызға емес, қынға қарсы тұрады. Қыздың бойындағы жын жұрдығын сайын, Алпамыс дұғасын күшейтеді.

Ақыры жын шегінеді. Қыздың денесі жеңілдеп, жаны тыныштық табады. Ұйыға кеткен Сұлудымен бірге Алпамыстың өзі де жанарады. Осы ем оның өз дертіне де шипа болды. Ол алғаш рет жынды жеңеді. Осы күннен бастап Алпамыс бұрынғы Алпамыс емес, басқа күйге енді. Ол тылсымға табынған бақсылық жолдан біртіндеп алыстап, білім мен парасатқа сүйенген емшілікке бет бұрды. Зікірді айқайға емес, санаға сінген тәсілге айналдырды. Емді адам

біреу сиыры, азын-аулақ қойы бар қарапайым тірлік кешті. Бірақ ел ішіндегі қадір-қасиеті малмен емес, біліммен, мінезімен өлшенді.

Ол өзін ешқашан өзгеден биік қоймады. Өлгенге жаназ ақып, тіріге жұбату айтты. Қаралы үйден ас алмады, ақы сұрамады. Дінді күнкөрсі құралына айналдырған дүмшөлерге қарсы тұрды. Дін адамды тазартатын жол, өмірден бөлінбейтін тәрбие деп білді. Адалдықты, шын көңілді, қайырымдылықты иманның өзегі санады.

Бұйретті. Сүндетті сауап үшін жасады, бірақ оны да пайдаға айырбастаған жоқ. Келген жанның жанын алдымен демеді, тәнін содан кейін емдеді. Ол үшін шипаның басы жүректені сенім, көңілдегі тыныштық еді.

Аурудың алдын алу емнен де маңызды деп үйретті. «Сақтан-жақтай құдай сақтайды» деп, күнделікті өмірдің тәртібін түсіндірді. Артық тамақтанбауды, уақытында демалууды, сабыр сақтауды, тән мен жан тазалығын ұстануды өсиет етті. Қозғалысты, тер шығаратын еңбекті, тазалықты денсаулықтың тірегі санады. Оразаны ағзаның тынығы, ал адал жар төсегін жан мен тәңнің шипасы деп білді.

Білгенін жасырмады, еңбегін асырып көрсетпеді. Бергенді міндетсізін қабылдап, алмағанға өкінбеді. Келген жанды үмітсіз қайтармауға тырысты. Себебі ол үшін ең асыл ем адамның үмітін тірліту еді.

Баба еңбеккерлікті қадірледі. Ол айналасындағыларға еңбектенуді, әрбір ісін ықыласпен орындауды үйретті. Бірақ оның ең үлкен ерекшелігі адамгершілік пен мейірімділікті өнерімен бірге үйлестіру еді. Адамға қол ұшын созу ол үшін парыз болатын.

Кешегі дүрбелең заманда ақиқат пен жаланың арасы ажырамайтай араласып, адам тағдыры бір парақ қағазға тәуелді болған кезеңде бір ауыл ішінде жала мен жапаға үнсіз қарсы тұрған Алпамыс баба еді. Қара тізімге іліссе де, тағдырға қарсы шықпады. Сабырын серік етіп, әділдікті Алладан күтті. Өйткені оның өмір бойғы ұстанымы «Ақтық жүзі жарық, ақиқат түбі жеңеді» деген сенім еді. Сол сенім ақталды. Алпамыс баба ғана емес, онмын бірге бірнеше адал жан қара құрсаудан босатылды.

Жұт келді. Аштық келді. Оба келді. Адамды да, үмітті де қынадай қырған ауыр заман. Сол зұлматта Алпамыс баба тағдырдың ең ауыр сынағын көрді. Тоғыз жанның жалғыз қалды. Ас орнына қайғы, жарық орнына қара түн жұтты. Алпыс жетіге келгенде өмірдің өзі оған ұдай көрінді. Бірақ баба оған сынбады. Көз жасы кеппесе де, көңілінде үміт отын өшірмеді. Өйткені қиындық түбі – үміт, ал үміттің түбі – Алла деп білетін.

Түйсіне енген ақ сәлделі қария жанын бара жатқан жүрегіне соңғы от жақты. «Қайғыға кіріптар болма, ошағыңды өшірме» деген сол бір үн Алпамыстың тағдырын басқа арнаға бұрды. Осы обада бес үйлі жаннан аман қалған Қағазды жолықтырды. Екі мұңдас, екі жаралы жүрек бір шаңырақ астында табысты. Жастық емес, тағдыр қосқан жұп еді бұл. Шаңырақта түгін қайта шықты. Өмір қайта жанданды.

Ұл туды. Басықара. Үзілген әулеттің жалғасы, өшкен ошақтың шырағы.

Қуаныштың да сыналатын кезі бар екен. Қызынан айырылды. Тағы да жүрек жараланды. Бірақ Алпамыс бұл жолы да еңкеймеді. Таубеден танбады. Тілек етуден жаңылмады. Тағдыр тағы бір ұл сыйлады. Көбек. Кейін Байқобек атанған, елге тірек болған ұл.

/// ТҰЛҒАҒА ТАҒЫМ

ЕРІМ ДЕЙТІН ЕЛІҢ БАР



Жаңақорған ауданының «Руханият орталығында» көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Машбекұлы Сапарбаевты еске алуға арналған «Өнегелі өмір – өрелі ұрпаққа» атты облыстық ода жазушылар байқауы болып өтті.

Бердібек Сапарбаев – бір өңірдің емес, тұтас елдің даму шежіресіне енген есім. Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Жамбыл облыстарының әкімі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, ҚР Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы, Премьер-министрдің орынбасары секілді лауазымды қызметтер атқарған тұлға.

Ел тағдырымен егіз өрілген гибратты гұмыр иесі сонғы демі қалғанша халқына қалтқысыз қызмет етті.

Еске алу шарасы қонақтарды өңір тарихын бейнелеген көрмемен таныстырудан басталды.

Мұнан соң аудан өнерпаздары көпшілікке «Биікке бастар болмыс» атты тақырыптық пролог тарту етті. Мұнда 1995-1996 жылдардың оқиғасы бейнеленген. Қызылорда облысы облыс ретінде өмір сүре ала ма әлде оны көрші облыстарға бөліп береміз бе деген өзекті проблема туындаған сәтте осы бағытты қолдаушы Үкімет адамдары болған. Міне, сол сын сағатта туған жер перзенті Бердібек Сапарбаевтың саяси сахнадағы ықпалы алғашықты. Сол кезде облысты басқарып отырған Сапарбаев

Президентке арнайы экономикалық аймақ негіздемесін жасап ұсынды. Облысты тараттам дегендердің алдында тартынбай сөйлеп, «Президент мырза, мыналарды тоқтатыңыз!» деп халық талабын айтты.

Осылайша, облыс орнында қалды және жағдайы оңалып, саптам озды. Бұл Бердібек Сапарбаевтың қарапайым жұрт біле бермейтін ерен ерлігі болатын.

Сахналық көрініспен өрілген пролог осы оқиғаны әсерлі жеткізе білді.

Мұнан соң аудан әкімі Мәжит Сәмитов сөз алып, қазақ елінің даму шежіресіне ерен күш-жігер қосқан Бердібек Сапарбаевтың еңбегіне тоқталып, тұлғаны ұрпаққа өнеге қылар ақындарға сәт сапар тіледі.

Ақындар мұшайрасын өткен жылғы ода жазушылар байқауының жеңімпазы Айжарқын Найманбай өлең оқып, айтыскер-ақын Ержан Әмір дөмбырамен арнау айтып бастап берді.

Байқауға облыстың әр ауданынан он төрт ақын қатысты. Олар ел тәуелсіздігін баянды ету жолында аттан түспеген Сырдың атпал перзенті Бердібек Сапарбаевтың болмысын

өлеңмен ашып, көрерменге рухани дем берді.

Ода жазушылар осы жанрға бейім шығармаларын оқыды, ол қазылар тарапынан жақсы бағаланды.

Ода – қуанышты, көтеріңкі реңктегі мадақтау, арнау бірсыдырғы болуы мүмкін. Қазақ тілі ережесіндегі одағай «ода» сөзінен шығады. Мысалы одағай сөйлемнің мүшесі болмайды, жеке жазылады. Өлеңдегі оданы арнаудан айырылатын тұсы да осындай.

Ең бастысы, ақындар тұғыры биік тұлғаны ода жанрына қоса білді, оның бейнесін ел бейнесі есебінде танытты.

Осындай жақсы жырыммен шенелік Бекжан Ержігіт бас бәйгеге, сырдариялық Ақтөре Ибрагим 1-орынға ие болды. 2-орынның екі жүлдесін Жалағаштан келген Сәния Жақып пен жанақорғандық Шәкәрім Ибадуллаұлы олжалады. 3-орынға да екі жүлде берілді, оны қармақшылық Мөлдір Төнірбергенова мен қазалылық Алмабек Әбдірахман бөлісті.

Жұлдені тұлғаның туыстары тағайындады.

Одашыларға Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері Дүйсенбек Аяшұлы, Файзулла Сахиев, М.Көкенов атындағы шығармашылық өнер мектебінің жетекшісі Уәли Ибрагимов қазылық жасады.

«СБ» ақпарат



Кеше С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында Қолөнер Urshik республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Алтын алаша – күміс кілем» атты қолөнершілер фестивалі өтті. Фестивальға еліміздің өзге өңірлерінен және облыстың белгілі қолөнершілері, ұлттық өнер шеберлері, сала мамандары, еңбек және технология пәнінің мұғалімдері мен оқушылар қатысты. Алдымен көрме-жәрмеңкеге шеберлердің ұлттық нақыштағы бұйымдары, кілем, сырмақ, текемет, тұскиіз, тоқыма және сәндік туындылар қойылып, жиналғандар тамашалады.

«АЛТЫН АЛАША – КҮМІС КІЛЕМ»



“АЛТЫН АЛАША – КҮМІС КІЛЕМ”

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ФЕСТИВАЛІ

Шараның басты мақсаты – ұлттық колөнерді дәріптеу, алаша, кілем тоқу өнерінің тарихи маңызын насихаттау және ұлттық өнерді сақтай отырып, жас ұрпақ бойына сіңіру.

Фестивальдің ашылуында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі, ҚР Қолөнершілер одағы облыстық филиалының өкілі Бекзат Жақыпов шараның маңыздылығына кеңінен тоқталды. Бірлестіктің төрайымы Бибігүл Карденоваға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының Алғыс хатын табыстап, үш күндік шараға сәттілік тіледі.

Одан әрі қоғамдық бірлестік төрайымы Бибігүл Карденова негізгі бағыт жайында айтты, филиалды салтанатты түрде Қызылорда қаласынан ашты.

– Бірлестік 2023 жылдан бері жұмыс істейді. Urshik деген атаудың астарында үлкен мән жатыр. Бұл – біздің әжелерімізден қалған көне мұра. Бүгінде сол ұршықты қайта жаңғыртып, кәсіптік құралға айналдырдық. Ұршық иіру адамның жан дүниесіне де өте пайдалы. Сол себепті жас аналарға, кейінгі буынға маңызы жайында түсіндіріп, жаңғыртудамыз.

Мен ұршық жайлы көп іздендім, зерттедім. Сандықта бір, екі гасырға жуық жатқан ұршықты қайта жарыққа шығардым десем де болады. Быыл Сыр өңіріне келуіміздің өзіндік себебі бар. Мұндағы тақырып – «Алтын алаша – күміс кілем». Себебі кілем және алаша тоқудың тамыры жойылып барады. Ал Қызылордада жақсы сақталған екен.

Фестивальға 8 облыстан 75-ке жуық шебер қатысуда. Мұндай шара жыл сайын әр өңірде өтеді, бұл – жетінші шара. Түрлі тақырыптарды қамтиды. Жалпы, біз атқарып жатқан жұмыс өте ауқымды. Бірқатар шет мемлекетте болдық. Онда түрлі көрмелерге қатысып, төл қолөнерді дәріптеп, жоғары баға алып келеміз. Жастарға, үйренемін деушілерге

шеберлік сағаттары да ұйымдастырылады. Бұл фестиваль алдағы уақытта да жалғасын табады, – дейді бірлестік төрайымы.

Қатысушылар қолынан шыққан бұйымдар өте көп әрі көздің жауын алады. Әрқайсысының өзіндік мәні, мағынасы бар. Байқағанымыз, ұлттық колөнер бұйымдарын шеберлер бүгінгі күннің талабына сай етіп, заманауи үлгіде жасаған. Сондықтан болар, сұраныс жоғары. Фестивальға қатысушылардың бірі Асыл Бисенбаева Ақтау қаласынан келген. Ол жастайынан колөнерге жақын болыпты. Қазір өзі секілді шеберлер тоғысқан ұйымда белсенді еңбек етуде.

– Бала күннен үлкендерге қарап алаша тоқыдық. Әже, аналарымыз ісмер, шебер еді ғой. Ол кезде бәрін қолдан тоқитын. Уақыт өте келе бізді де баулыды. Киіз үйдің жабдықтарын, жіппен тоқылатын бұйымның бәрін де жасай беремін. Түрлі баулар, жас қыздарға арналған белдікті заманауи етіп тоқимын. Бала күнімізден үйренген өнер бір кездері тоқтап қалды. Кейін ұршық пен жіпті қайта қолға алдық. Бізді қолдауға бағытталған бірлестік құрылды. Соның арқасында еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған колөнер шеберлерімен таныстық. Тәжірибе алмасып, үлкен ортаға айналдық, – дейді шебер.

Шара барысында Көркемсурет галереясының меңгерушісі Кенже Ахметова фестиваль аясында шеберлік сағаттары, кілем, алаша тоқу әдістері, күміс әшекей жасау, жастарға арналған практикалық сабақтар, ұлттық оюдың мәні, колөнердің заманауи бағыттары кеңінен талқыланатынын жеткізді.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»
Суреттерді түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Ақпанның әлегі

Тентек бұлттар босанып көгенінен, Жынды желдің билеп жүр «өлеңімен». Мен отырмын қызқатпа өр аспанды, Ойымның өлең қалап әлетінен.

Томағалау, тұйықтау бүгін дала, Ақпанның аяғында құбылғаны ө. Бүгін көрген құқайы емес оның, Жер жатыр сырбаз қалпы, жұмырлана.

Жел соғады ышқына, ширатылып, Бұлт айырылған қалпынан бұйра, тынық. Сауын бұлттың желіні сыздаған соң, Құйып өтті, тұра алмай иба қылып.

Аяз түсіп, жаңбырмен салғыласты, Тыныш қылар күш бар ма, «танғы масты» Аяз, желден ақ жаңбыр ұтылды да, Бәсекенің аяғы қарға ұласты.

Көне қоймас ақпан бұл бар ебіне, Жарасады қиқарлық әлеміне. Өлең жаздым, басқалай шарам да жоқ Ақымқтау ақпанның әлегіне.

Оңталап БАЗАРАЛЫ,
ақын, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Суреттерді түсірген Н.Нұржұбаев

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi.kz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.011178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.